

FTAXP 06.01.11
ӘОЖ 331.103

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-82-91>

Р.К. САБИРОВА,*¹

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

К.К. ХАСЕНОВА,²

Э.ғ.к., аға оқытушы.

e-mail: n_kenzhegul@mail.ru

А.И. ЗИНУЛЛИНА,¹

магистр, оқытушы

e-mail: aizada_zeinullina@mail.ru

А.Н. САПАРОВА,¹

магистр.

e-mail: asylai_saparova@mail.ru

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Қазақстан, Атырау қ.

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

COVID–19 ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада COVID–19 жағдайында халықты әлеуметтік қорғаудың, оның ішінде мемлекет тарапынан жастарды әлеуметтік қорғаудың шетелдік тәжірибесі қарастырылды. Пандемия жағдайында Қазақстан Республикасы жастарының арасында онлайн-сауалнама жүргізіліп, COVID–19 жастардың жұмыспен қамтылуына қалай әсер еткені анықталды. Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі – халықтың әртүрлі санаттарына, оның ішінде жастарға сараланған көзқарас қағидаты бойынша халықты әлеуметтік қорғауды жетілдіру. COVID–19 жағдайында халықты әлеуметтік қорғаудың маңыздылығы артып келеді. Мақаланың мақсаты – шетелдік тәжірибеде жастарды әлеуметтік қорғаудың негізгі элементтерін қарастыру және Қазақстан жастарына онлайн-сауалнаманың негізгі нәтижелерін талдау арқасында мемлекет тарапынан Қазақстанда жастарды әлеуметтік қорғау бойынша ұсыныстар беру. Зерттеу барысында ғылыми тұрғыдан жалпылау, салыстырмалы тұрғыдан талдау, сұрау әдістері қолданылды. COVID–19 пандемиясы кезінде мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғау үш блок (ішкі жүйе) түрінде болуы керек, атап айтқанда: жұмыс істейтін, яғни жұмыспен қамтылған жастарды әлеуметтік қорғау; мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды, сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін, оның ішінде жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау; әлеуметтік-мәдени саладағы жастарды әлеуметтік қорғау.

Тірек сөздер: жастар, еңбек нарығы, жастар жұмыссыздығы, COVID–19, әлеуметтік қорғау, шетелдік тәжірибе, пандемия.

Негізгі ережелер

Бұл мақалада COVID–19 жағдайында жастарды әлеуметтік қорғаудың шетелдік тәжірибесі қаралып, Қазақстан жастары арасында жүргізілген сауалнаманың негізгі нәтижелері берілген.

Кіріспе

Еңбек нарығында мемлекеттің жүргізетін әлеуметтік саясаты екі бағытта жүреді: белсенді және енжар бағытта. Мемлекеттің белсенді шаралары: жаңа жұмыс орындарын құру, жұмыссыздарды оқыту, қайта даярлау. Ал енжар саясаты жұмыссыздарға әлеуметтік төлемдер төлеу арқылы қолдау көрсету [1].

Халықты әлеуметтік қорғау – бұл жаңа тұжырымдама емес, оның тарихи негізі бар. Әлеуметтік қорғаудың алғашқы тетіктері Германияда ХІХ ғ. соңында, мемлекет халыққа ар-

налған түрлі әлеуметтік бағдарламаларға қомақты қаражат бөлген кезде құрылды. Әлеуметтік қорғау – бұл қоғамның барлық мүшелерінің негізгі адами қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған мемлекеттік көмек түрі.

Әлеуметтік қорғау азаматтарға азық-түлік және тұрғын үй қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмек көрсетуі керек. Соңғы ғылыми әдебиеттерде жастарды жұмыспен қамту туралы жарияланымдар көбейіп келеді, онда негізінен осы нақты нарықтың теориялық аспектілеріне назар аударылады, жалпы сипаттамаларды, сандық және сапалық параметрлерді қамтиды [2].

Жастар саясатын дамыту бойынша зерттеулер, жастарды жұмыспен қамту және олардың алғашқы жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша зерттеулер өте маңызды [3].

Алайда, Қазақстан Республикасының Еуропалық бағдарына және әлеуметтік саладағы, еңбек нарығындағы өзгерістерге және заңнамалық актілердегі өзгерістерге алып келетін экономикалық реформаларға қарамастан, тиімді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми зерттеулер нақты қажеттіліктерге сәйкес келмейді және әрқашан қанағаттанарлық емес [4]. Сондықтан қазіргі уақытта жастар еңбек нарығын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жетілдіру мақсатында оны мемлекеттік реттеуді, жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғауды тереңірек зерделеу өзекті болып отыр [5].

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізіне танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері кірді. Жүйелі және кешенді зерттеу тәсілдерін пайдалану жастардың еңбек нарығының ерекшеліктерін мемлекеттік реттеу объектісі ретінде айқындауға және оны мемлекеттік реттеудің кешенді тетігін әзірлеу қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Жастардың еңбек нарығына пандемия әсерін білу үшін Қазақстан жастары арасында онлайн сауалнама жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қоғам өмірінде жастардың алатын орны маңызды, жастар мемлекеттің болашағы, сондықтан мемлекет жастардың жұмыспен қамтылуына аса мән беруі тиіс. Елдің тұрақты экономикалық дамуында жұмыспен қамту маңызды шарт болғандықтан жұмыссыз жастардың санын азайту, оларды әлеуметтік қорғау, жастардың жұмыспен қамтылуы өзекті мәселе, пандемия жағдайында бұл мәселелер одан сайын өзекті бола түседі.

Қазақстан Республикасында жастарды жұмыспен қамтуға қатысты бірнеше мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда.

Соның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 12 маусымдағы Қаулысымен «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бекітілді, оны іске асыру екі кезеңді көздеді.

Бірінші кезең – 2013–2015 жж., екінші кезең – 2016–2020 жж. қамтыды. «Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020» бірқатар міндеттерді шешуді көздеді, олардың ішінде:

- ♦ өзіндік жұмыспен қамтылғандар, жұмыссыздарды, сонымен бірге тұрғындардың ішінде нысаналы топқа жатқызылатын адамдарды (бұл топқа жастар да кіреді) еңбек нарығында жұмыспен қамту арқылы оларға қолдау жасау шараларының белсенді түрін жүзеге асыру;

- ♦ адами капитал әлеуетін дамыту және т.б.

Аталған бағдарламаның Қазақстан Республикасының жұмыссыздық деңгейіне әсерін синтетикалық бақылау әдісі арқылы бағалауды ғалымдар қарастырады [6].

Дамыған елдердің тәжірибелерін қарастыра келе, еңбек нарығын реттеуде екі негізгі жүйені айрықша көрсетуге болады, олардың біріншісі – экономикалық либерализм, екіншісі – экономикалық дирижизм жүйелері.

Дамыған елдерде халықты жұмыспен қамту саясатында жастарды әлеуметтік қорғаудың енжар және белсенді шараларын жүзеге асырады. Әлеуметтік қорғаудың енжар және белсенді саясаты сол мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік даму жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғауда тиімді іске асырылады. Көптеген елдер

Халықаралық еңбек ұйымының саясатын қолдай келе институционалдық ұстанымда еңбек нарығын реттейді.

Дүниежүзінде COVID–19 пандемия кезінде барлық елде шектеулер қойылып, кәсіпорындар және басқа да бизнес субъектілер жұмыстары қашықтықтан жұмыс жасау түріне көшті, ал қашықтықтан жұмыс жасау мүмкін емес жұмыс орындарында жұмысшылар жаппай жұмыстан босатылды. Осындай кезде бірқатар елдерде жастарды әлеуметтік қорғаудың тетіктері қолданылды.

Мысалы, АҚШ, Норвегия, Болгария, Румыния, Словения және Қазақстанда жұмыссыздық бойынша төленетін жәрдемақыларды алу жеңілдетілді, жәрдемақылардың мөлшері және оны төлеу мерзімін ұзарту арқылы жұмысын жоғалтқандарға қолдау көрсетілді.

Келесі елдерде, айталық Австрия, Дания, Италия, Испания, Ұлыбритания, Түркия, Корея Республикасында, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Франция, Бельгия, Эстония, Жапония, Германия және тағы басқа елдерде жұмыспен қамтуды сақтап қалуға мән берілді, яғни карантин уақыты біткеннен соң өз жұмыс орындарына қайта шығу үшін жалақыға субсидия жасау және толық емес жұмыс күнін қарастыру шаралары жүзеге асырылды.

Үшінші бір елдерде, айталық Канада, Швеция, Қытай, Армения, Филиппин елдерінде жұмыспен қамтылғандардың жұмыс орындарын сақтап қалу мен жұмыссыздарға төленетін жәрдемақылардың қол жетімділігін кеңейтуге күш салған [7].

Кейбір елдерде жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларға қол жетімділікті жеңілдету үшін жұмыспен қамтуды сақтау шараларын қабылдаған жоқ (мысалы, Алжир, Бразилия, Үндістан, Перу, Тәжікстан, Танзания, Тунис, Эквадор және т.б.) [8].

Жұмысынан айырылған адамдардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету немесе кірістерін қолдау бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, пандемия кезінде ауырып қалу қаупі жоғары, сондай-ақ шектеу шараларының салдары (балабақшалар мен мектептерге барудың шектелуі, онлайн білім беруге көшу, экономиканың тұтас секторларының қызметін тоқтату және т.б.) халықтың қалың жіктерінің өмір сүру сапасы мен деңгейіне теріс әсер ететіні анық. Сондықтан еңбек нарығын қолдауға бағытталған іс-шаралармен қатар, көптеген елдердің үкіметтері (2020 ж. 1 мамырдағы жағдай бойынша) пандемия жағдайында халықты әлеуметтік қолдаудың белгілі бір шараларын қабылдады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, 2020 ж. 1 мамырдағы жағдай бойынша COVID–19-ға жауап ретінде қабылданған бағдарламалардың көпшілігі сақтандырылмаған (455 шара немесе барлық шаралардың 60%) және тек 27% (200 шара) сақтандыру болды. Бұл таңқаларлық емес, егер пандемияның дамуына тез жауап беру қажет болса, үкіметтер негізінен әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдеріне сүйенеді, ал сақтандырылмаған әлеуметтік көмек бағдарламалары, әсіресе дамушы елдерде, әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларына қарағанда жиі кездеседі. Әлеуметтік сақтандыру шеңберіндегі дағдарысқа қарсы шаралардың көпшілігін Еуропа елдері қабылдағаны кездейсоқ емес. Дағдарысқа дейінгі кедейлік пен жұмыссыздық деңгейі неғұрлым төмен елдерде дағдарыс кезеңінде әлеуметтік қолдаудың әмбебап жүйелері (қамту бойынша) бойынша сақтандырылмаған қолдаудың мейлінше аз жаңа шараларын ұсынады, өйткені қолда бар құралдар жеткілікті [9].


Керісінше, дағдарысқа дейін жұмыссыздық пен кедейлік мәселелері өткір тұрған, әлеуметтік қолдау жүйелері аз дамыған елдер дағдарыс кезеңінде халықты қолдаудың көп шараларын қабылдауға мәжбүр.

Осы жағдайларды ескере отырып, Қазақстан жастарына сауалнама жүргізген болатынбыз. 18 бен 25 жас аралығындағы Қазақстан жастарының жұмыспен қамтылуы, жастар еңбек нарығы мен еңбек көші-қоны туралы әлеуметтік жағдайын білу мақсатында олардың пікіріне талдау жасадық. Осы сауалнамаға қатысқан жастардың 62,5%-ы пандемия жағдайында жұмыс жасамаған. 24,7%-ы – өздерінің жұмыс жасайтындығын көрсеткен. Сауалнамаға қатысқан жастардың 12,9%-ы – өзіндік жұмыспен қамтылғандар (1 сурет, 85 б.).

Жұмыс жасап жүрген жастарға қойылған сұрақтардың ішінде «Дәл осы жұмысты Сіз неліктен таңдадыңыз?» деген сұраққа келесідей жауап берілген: 37,8%-ы – осы жұмыс түрі ұнағандығын айтқан, 22,9%-ы – осы кәсіпорынның ұжымы ұнайтындығын айтқан, 22,3%-ы – сол өзі жасайтын кәсіпорынның жоғары жалақы төлейтіндігін айтқан, 17,6%-ы – жұмыс

уақытының икемділігін көрсеткен, 14,7%-ы – осы кәсіпорында жұмыс жасауға үйренгендігін, басқа жұмысқа кеткісі келмейтіндігін айтқан, 12,9%-ы – басқа баламалы жұмыс болмағандықтан осы кәсіпорында жұмыс істеп жатқанын көрсеткен.

Сонымен қатар осыған қатысты жігіттер мен қыздардың пікірлері арасындағы ерекшеліктері салыстырылды.




Сурет 1 – Сауалнамаға қатысқан жастардың жұмыспен қамтылуы

Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.

Сауалнама нәтижесі бойынша жігіттер қыздарға қарағанда жұмыстағы ұжым ұнайтындығын, жалақы мөлшерінің өздерінің ойлағандай мөлшерінде төленетіндігін, жұмыс істеп жатқан жерлеріне олардың әбден үйреніп қалғандығын көрсетті, сондай-ақ басқа да жауаптардың ішінен «тағы басқа» деген жауапты таңдаған. Қыздар болса өздері жұмыс істеп жатқан жұмыстарының өздеріне ұнайтындығын, жұмыс орындарының орналасқан орны ұнайтындығын, икемді жұмыс уақытын, жұмыс уақытының ыңғайлылығы және т.б. жауаптарды көрсеткен. Тағы бір айтатын жағдай – жұмыс істейтін қыздар жігіттерге қарағанда басқа баламалы жұмыстардың жоқтығын көрсеткен.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің бір бөлігі (69,3%) «COVID–19 пандемиясының орын алуына байланысты сіздің жұмысқа орналасуыңызға қалай кері әсерін тигізді?» деген сұраққа «ешқандай әсері болмады» деп жауап берді (2-сурет).



Сурет 2 – «COVID–19 пандемиясының орын алуына байланысты сіздің жұмысқа орналасуыңызға қалай кері әсерін тигізді?» (%)

Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.

Сауалнамаға қатысқандардың 30,7% бөлігі пандемияның кері әсерін сезінгендігін айтты.

Ер адамдар мен әйел адамдар және әр аймақтағы респонденттердің жауаптарының арасында айырмашылық болған жоқ (1, 2 кестелерді қараңыз).

Кесте 1 – COVID–19 пандемиясының кері әсеріне байланысты жұмысқа орналасу қиындығы, (%)

Респонденттер жынысы	Әсері болды	Әсері болмады
Ер адамдар	32,5	67,5
Әйел адамдар	29,8	70,2
Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.		

Кесте 2 – COVID–19 пандемиясының кері әсеріне байланысты респонденттердің (аймақтар бойынша) жұмысқа орналасу қиындығы, (%)

Респонденттер аймағы	Әсері болды	Әсері болмады
Ақмола облысы (Көкшетау қаласы)	25,6	74,4
Ақтөбе облысы (Ақтөбе қаласы)	28,1	71,9
Алматы облысы (Талдықорған қаласы)	43,3	56,7
Атырау облысы (Атырау қаласы)	34,7	65,3
Батыс Қазақстан облысы (Орал қаласы)	47,5	52,5
Жамбыл облысы (Тараз қаласы)	27,6	72,4
Қарағанды облысы (Қарағанды қаласы)	15,3	84,7
Қостанай облысы (Қостанай қаласы)	20,2	79,8
Қызылорда облысы (Қызылорда қаласы)	31,8	68,2
Маңғыстау облысы (Ақтау қаласы)	38,5	61,5
Түркістан облысы (Түркістан қаласы)	28,1	71,9
Павлодар облысы (Павлодар қаласы)	32,0	68,0
Солтүсік Қазақстан облысы (Петропавловск қаласы)	10,6	89,4
Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қаласы)	56,4	43,6
Нұр-сұлтан қаласы	33,5	66,5
Алматы қаласы	33,7	66,3
Шымкент қаласы	23,1	76,9
Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.		

3-суреттен (б. 87) респонденттер арасында COVID–19 пандемиясы салдарынан тұрғындардың жұмысқа орналасуына кері әсер еткен факторларды көруге болады: жұмыс көлемі азайды, тұтынушылар саны азайды, жарты ставкаға шығарды, жалақысы сақталмаған демалысқа жіберілді, т.б. (41,5%), жалақы көлемі азайды (21,8%), еңбек жағдайлары нашарлады (18,6%).



Сурет 3 – COVID–19 пандемиясының кері әсеріне байланысты респонденттердің (аймақтар бойынша) жұмысқа орналасу қиындығы, (%) (Жұмысқа орналасуда COVID–19 пандемиясының кері әсерін сезінген респонденттер арасында)

Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.

Айта кету қажет, респонденттердің 16%-ы жұмыс орындарының азаюын COVID–19 пандемиясының нәтижесі екендігін мойындамайды. Ер адамдар мен әйел адамдар және әр аймақтағы респонденттерінің жауаптарының арасында айырмашылық болған жоқ (3, 4-кестелерді қараңыз).

Кесте 3 – COVID–19 пандемиясының кері әсеріне байланысты респонденттердің (жыныстары бойынша) жұмысқа орналасу қиындығы, (%)

Респонденттер жынысы	Жұмыстан айырылды	Жұмыс орны азайды	Жалақы көлемі азайды	Еңбек жағдайлары нашарлады	Басқа себеп
Ер адамдар	17,9	38,0	21,3	22,1	0,7
Әйел адамдар	14,9	43,5	22,2	16,7	2,8

Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.

Кесте 4 – COVID–19 пандемиясының кері әсеріне байланысты респонденттердің жұмысқа орналасу қиындығы, (%)

Респонденттердің тұрғылықты аймағы	Жұмыстан айырылды	Жұмыс орны азайды	Жалақы көлемі азайды	Еңбек жағдайлары нашарлады	Басқа себеп
Ақмола облысы (Көкшетау қаласы)	7,8	72,5	13,7	5,9	0,0
Ақтөбе облысы (Ақтөбе қаласы)	10,4	42,5	21,6	23,9	1,5
Алматы облысы (Талдықорған қаласы)	11,5	44,2	21,2	21,2	1,9

4-кестенің жалғасы

Атырау облысы (Атырау қаласы)	17,1	40,3	19,5	19,1	4,1
Батыс Қазақстан облысы (Орал қаласы)	15,3	44,5	24,8	13,9	1,5
Жамбыл облысы (Тараз қаласы)	10,4	46,2	26,4	16,0	1,9
Қарағанды облысы (Қарағанды қаласы)	29,8	27,7	25,5	17,0	0,0
Қостанай облысы (Қостанай қаласы)	19,1	34,0	29,8	17,0	0,0
Қызылорда облысы (Қызылорда қаласы)	14,9	46,0	21,8	13,8	3,4
Маңғыстау облысы (Ақтау қаласы)	10,9	52,7	23,6	10,9	1,8
Түркістан облысы (Түркістан қаласы)	15,0	41,7	21,7	18,3	3,3
Павлодар облысы (Павлодар қаласы)	15,5	40,5	23,3	19,0	1,7
СҚО (Петропавловск қаласы)	29,4	35,3	17,6	17,6	0,0
ШҚО (Өскемен қаласы)	22,9	21,7	22,9	28,9	3,6
Нұр-сұлтан қаласы	21,9	40,4	16,6	21,2	0,0
Алматы қаласы	13,5	41,9	23,2	18,1	3,2
Шымкент қаласы	17,8	36,7	22,2	23,3	0,0
Ескертпе – Сауалнама нәтижелері бойынша авторлар құрастырған.					

Респонденттердің «COVID–19 пандемиясының кері нәтижелерінің алдын алу үшін сіз нақты қандай қадамдар жасадыңыз?» деген сұраққа 48,9%-ы иә және 51,1%-ы жоқ деп сәйкесінше жауап берді.

COVID–19 пандемиясы орын алған кезеңде әйел адамдарға (41,9%) қарағанда ер адамдар (61,6%) пандемияның кері әсерін жою үшін нақты қадамдар жасады. Ақмола облысы (Көкшетау қаласы), Атырау облысы (Атырау қаласы), Жамбыл облысы (Тараз қаласы), Маңғыстау облысы (Ақтау қаласы), Түркістан облысы (Түркістан қаласы), Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Қостанай облысы (Қостанай қаласы), Солтүсік Қазақстан облысы (Петропавловск қаласы) тұрғындары пандемияның кері әсерін жою үшін нақты қадамдар жасамады (4-кесте). Ал Ақтөбе облысы (Ақтөбе қаласы), Алматы облысы (Талдықорған қаласы), Батыс Қазақстан облысы (Орал қаласы), Қызылорда облысы (Қызылорда қаласы), Павлодар облысы (Павлодар қаласы), Нұр-Сұлтан қаласы, Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қаласы), Қарағанды облысы (Қарағанды қаласы), Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары пандемияның кері әсерін жою үшін белсенді әрекеттерді жүзеге асырды.

Пандемия жағдайында жастар жұмыссыздығын азайтуда, шетелге кеткен жастар еңбек көші-қонының санын төмендетуде елімізде шағын кәсіпкерлікті дамытудың маңызы зор, бұл жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғауда мемлекет тарапынан жүргізетін белсенді саясаттың бірі, яғни жаңа жұмыс орындарын жасау [10].

Қорытынды

Шетелдік тәжірибені саралай келе COVID–19 пандемиясы кезінде мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғау үш блок (немесе кіші жүйе) түрінде болуы керек деп санаймыз:

- ♦ жұмыс жасайтын (жұмыспен қамтылған) жастарды әлеуметтік қорғау;

- ♦ мүмкіндігі шектеулі азаматтарды, сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін, жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау;
- ♦ әлеуметтік-мәдени салада, мысалы, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларында жастардың өмірлік маңызды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған жоба шеңберінде орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тлеубердиева С.С., Мусина Р.С., Молдашева А.Б., Кодашева Г.С. Региональная безработица и государственное регулирование занятости // Вестник университета «Туран» – 2021. – № 3. – С. 28–32. URL: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-28-32>
- 2 Ghignoni E., Naddeo P., Pappada G., Parello C. Quantitative and qualitative analysis of labour market integration of young people // Quaderni di Economia del Lavoro, no. 90/2009. DOI: 10.3280/QUA2009-090004
- 3 Karabchuk T., Dulmer H., Gatskova K. Fertility attitudes of highly educated youth: a factorial survey // Journal of Marriage and Family. 2022. Vol. 84, no. 1, pp. 32–52. DOI: [org/10.1111/jomf.12790](https://doi.org/10.1111/jomf.12790)
- 4 Сабинова Р.К., Ерниязова Ж.Н., Талапбаева Г.Е., Масалимова А.К., Курмашева С.О. Молодежный рынок труда в рамках социального партнерства: современное состояние и направления развития // Экономика: стратегия и практика. – 2021. – № 16(4). – С. 116–129. DOI: [org/10.51176/1997-9967-2021-4-116-129](https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-116-129)
- 5 Корф В.И. Социальная защита российской молодежи на рынке труда. URL: http://rectors.altstu.ru/ru/pqriodical/archiv/2019/1/articles/4_4.pdf DOI:10.25712/ASTU.2410-485X.2019.01.025
- 6 Sokira T.S., Myshbaeva Z.T. Assessment of the impact of the employment roadmap on the unemployment rate of the Republic of Kazakhstan: the method of synthetic control // Central Asian Economic Review. 2021. No. 2(137). P. 121–130.
- 7 Обзор международного опыта в поддержке занятости населения в условиях борьбы с пандемией коронавируса // Аналитический бюллетень НИУ ВШЭ об экономических и социальных последствиях коронавируса в России и в мире. – 2020. – № 2. – С. 62–74.
- 8 Covid-19: как ЕС борется с безработицей среди молодежи URL: <https://www.europarl.europa.eu/news/en/headlines/society/20200709STO83004/covid-19-how-the-eu-fights-youth-unemployment> (дата обращения: 2020-07-15)
- 9 Пандемия кезіндегі жұмыссыздық: жұмыспен қамту орталықтары жұмыстан шығып қалғандар мен жұмыс берушілерге не ұсынады. URL: <https://informburo.kz/stati/bezrobotica-vo-vremya-pandemii-cto-predlagayut-centry-zanyatosti-uvolennym-i-rabotodatelnyam.html> (дата обращения: 2020-11-17)
- 10 Сабинова Р.К., Мусаева А.А., Тажиденова А.Р. Қазақстанда жастар еңбек көші-қоны мәселесі // «Туран» университетінің хабаршысы. – 2021. – № 2(90). – С. 95–104.

REFERENCES

- 1 Tleuberdieva S.S., Musina R.S., Moldasheva A.B., Kodasheva G.S. (2021) Regional'naja bezrobotica i gosudarstvennoe regulirovanie zanjatosti // Vestnik universiteta «Turan». No. 3. P. 28–32. URL: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-28-32>
- 2 Ghignoni E., Naddeo P., Pappada G., Parello C. Quantitative and qualitative analysis of labour market integration of young people // Quaderni di Economia del Lavoro, no. 90/2009. DOI: 10.3280/QUA2009-090004
- 3 Karabchuk T., Dulmer H., Gatskova K. Fertility attitudes of highly educated youth: a factorial survey // Journal of Marriage and Family. 2022. Vol. 84, no. 1, pp. 32–52. DOI: [org/10.1111/jomf.12790](https://doi.org/10.1111/jomf.12790)
- 4 Sabirova R.K., Ernijazova Zh.N., Talapbaeva G.E., Masalimova A.K., Kurmasheva S.O. (2021) Molodezhnyj rynek truda v ramkah social'nogo partnerstva: sovremennoe sostojanie i napravlenija razvitija // Jekonomika: strategija i praktika. No. 16(4). P. 116–129. DOI: [org/10.51176/1997-9967-2021-4-116-129](https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-116-129)
- 5 Korf V.I. Social'naja zashhita rossijskoj molodezhi na rynke truda. URL: http://rectors.altstu.ru/ru/pqriodical/archiv/2019/1/articles/4_4.pdf DOI:10.25712/ASTU.2410-485X.2019.01.025

6 Sokira T.S., Myshbaeva Z.T. (2021) Assessment of the impact of the employment roadmap on the unemployment rate of the Republic of Kazakhstan: the method of synthetic control // Central Asian Economic Review. No. 2(137). P. 121–130.

7 Obzor mezhdunarodnogo opyta v podderzhke zanjatosti naselenija v uslovijah bor'by s pandemiej koronavirusa // Analiticheskij bjulleten' NIU VShJe ob jekonomicheskikh i social'nyh posledstvijah koronavirusa v Rossii i v mire. 2020. No. 2. P. 62–74.

8 Covid–19: kak ES boretsja s bezraboticej sredi molodezhi URL: <https://www.europarl.europa.eu/news/en/headlines/society/20200709STO83004/covid-19-how-the-eu-fights-youth-unemployment> (data obrashhenija: 2020-07-15)

9 Pandemiya kezindegi zhūmyssyzdyq: zhūmyspen qamtu ortalyqtary zhūmystan shyğyp qalğandar men zhūmys berushilerge ne ūsynady. URL: <https://informburo.kz/stati/bezrabotica-vo-vremya-pandemii-chto-predlagayut-centry-zanyatosti-uvolennym-i-rabotodatelyam.html> (data obrashhenija: 2020-11-17)

10 Sabirova R.K., Musaeva A.A., Tazhidenova A.R. (2021) Qazaqstanda zhastar eñbek köshi-qony mäselesi // «Turan» universitetiniñ habarshysy. No. 2(90). P. 95–104.

Р.К. САБИРОВА,*¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: sabirovarysty@mail.ru

К.К. ХАСЕНОВА,²

к.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: n_kenzhegul@mail.ru

А.И. ЗИНУЛЛИНА,¹

магистр, преподаватель.

e-mail: aizada_zeinullina@mail.ru

А.Н. САПАРОВА,¹

магистр.

e-mail: asylai_saparova@mail.ru

¹Атырауский университет им. Х. Досмухамедова,

Казахстан, г. Атырау

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

Казахстан, г. Нур-Султан

СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ COVID–19

Аннотация

В данной статье рассмотрен зарубежный опыт социальной защиты населения на случай COVID–19, в том числе социальной защиты молодежи со стороны государства. В условиях пандемии был проведен онлайн-опрос среди молодежи Казахстана и выяснено, как COVID–19 повлиял на занятость молодежи. Одной из основных задач проводимой социальной политики в Республике Казахстан является совершенствование социальной защиты населения по принципу дифференцированного подхода к различным категориям населения, в том числе к молодежи. Социальная защита населения становится все более актуальной в условиях COVID–19. Цель статьи – рассмотреть основные элементы социальной защиты молодежи в зарубежной практике и дать рекомендации по социальной защите молодежи в Казахстане со стороны государства благодаря анализу основных результатов онлайн-опроса молодежи Казахстана. В ходе исследования использовались методы научного обобщения, сравнительного анализа и опрос. Социальная защита со стороны государства в период пандемии COVID–19 должна быть в виде трех блоков (подсистем), а именно: социальная защита работающей, то есть занятой молодежи; социальная защита граждан с ограниченными возможностями, а также социально незащищенных слоев населения, в том числе безработной молодежи; социальная защита молодежи в социально-культурной сфере.

Ключевые слова: молодежь, рынок труда, молодежная безработица, COVID–19, социальная защита, зарубежный опыт, пандемия.

R.K. SABIROVA,*¹

c.e.s., associate professor.

*e-mail:sabirovarysty@mail.ru

K.K. KHASSENOVA,²

c.e.s., senior lecturer.

e-mail:n_kenzhegul@mail.ru

A.I. ZINULLINA,¹

master, lecturer.

e-mail: aizada_zeinullina@mail.ru

A.N. SAPAROVA,¹

master.

e-mail: asylai_saparova@mail.ru

¹Kh. Dosmukhamedov Atyrau University

Kazakhstan, Atyrau

²L.N. Gumilyov Eurasian National University

Kazakhstan, Nur-Sultan

SOCIAL PROTECTION OF YOUTH IN THE CONDITIONS OF COVID–19

Abstract

This article examines the foreign countries experience of the population's social protection during the COVID–19 pandemic, including state social protection of youth. In the context of the pandemic, an online survey was conducted among the youth of Kazakhstan and it was found out how COVID–19 affected youth employment. One of the main objectives of the ongoing social policy in Kazakhstan is to improve the policy of social protection on the principle of a differentiated approach to a certain category of the population, including youth. Social protection of the population is becoming increasingly relevant during a pandemic. The key purpose of the article is to consider the main elements of social protection of youth in foreign practice and to give recommendations on social protection of youth in Kazakhstan by the state by analyzing the main results online survey of youth of Kazakhstan. During the study, methods of scientific generalization and comparative analysis were used. Social protection by the state during the COVID–19 pandemic should be in the form of three blocks (subsystems), namely: social protection of working, that is, employed youth; social protection of citizens with disabilities, as well as socially vulnerable segments of the population, including unemployed youth; social protection of youth in the socio-cultural sphere.

Key words: youth, labor market, youth unemployment, COVID–19, social protection, foreign experience, pandemic.